



Ембі ТЫНЫСЫ

ҚАЗАҚСТАН МҰНАЙЫНА
125
1899 - 2024
ЖЫЛ

№10 (127)
ҚЫРКҮЙЕК
2024 ЖЫЛ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз

МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫНЫҢ ӘРІПТЕСТІК ӘЛЕУЕТІ

«Ембімұнайгаз» АҚ 29-шы халықаралық KIOGE-2024 «Мұнай және Газ» көрмесіне қатысты



Алматыда 25-27 қыркүйек күндері аралығында өткен KIOGE-2024 «Мұнай және Газ» атты 29-шы қазақстандық халықаралық көрмесіне «Ембімұнайгаз» АҚ қатысты.

Үш күн бойы әлемнің түкпір-түкпірінен келген 340-тан астам мұнай-газ компаниясы саладағы өз жетістіктерімен, технологияларымен және жаңалықтарымен бөлісті. Атап айтсақ, Австрия, Әзірбайжан, Армения, Беларусь, Ұлыбритания, Германия, Грузия, Үндістан, Италия, Латвия, Қазақстан, Корея, Қытай, Нидерланды, Норвегия, Ресей, Түркия, Өзбекстан, Франция, Чехия елінің мұнай-газ компаниялары өз стендтерін қойды. Олардың ішінде 40%-ы көрмеге алғаш рет қатысып отыр.

Көрме мұнай мен газды өндіру, өңдеу және тасымалдау, автоматтандыру және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы ең жаңа технологияларды көрсетуге, сондай-ақ, декарбонизация және қоршаған ортаны қорғау саласындағы инновациялық шешімдерді талқылауға арналған алаң болды.

«Ембімұнайгаз» АҚ дәстүрге айналған бұл көрмеге жыл сайын тиянақты дайындықпен қатысады. Биыл да ғасырдан астам мол тарихы бар отандық Компания өзінің өндіріс және әлеуметтік салалары бойынша басым бағыттарына арналған іс-шараларын жұртшылықтың назарына ұсынды.

→ 3

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ГАЗ САЛАСЫН ДАМУДЫҢ ЖАҢА КӨКЖИЕКТЕРІ



→ 2

МАҚСАТ АНЫҚ, МҮДДЕ ОРТАҚ



→ 5

ЦИФРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАР – ДАМУҒА ДАҒҒЫЛ ЖОЛ



→ 7

ТАҒАЙЫНДАУЛАР

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басшылық құрамындағы өзгерістер туралы хабарлайды.

Әсет Мағауов пен Бекзат Абайылданов ҚМГ Басқарма төрағасының орынбасарлары болып тағайындалды.



Әсет Мағауов мұнай өңдеу және мұнай химиясы, мұнай өңдеу зауыттарының қызметі мәселелеріне жетекшілік ететін болады.

Ә. Мағауов И. Губкин атындағы мемлекеттік мұнай және газ академиясын «Отын-энергетика кешені салаларындағы экономика және басқару» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1994 жылы «Теңізмұнайгаз» АҚ-да экономист

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-да кадрлық тағайындаулар



болып бастаған. Әр жылдары энергетика вице-министрі, мұнай және газ вице-министрі болып жұмыс істеді. Сондай-ақ «Теңізшевройл» ЖШС бас директорының орынбасары,

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры, «ҚазМұнайГаз» ҰК ЖАК басқарушы директоры, Мұнай-газ машиналарын жасауды дамытудың халықаралық орталығының бас директоры

қызметтерін атқарды.

Бекзат Абайылданов мұнай және газ өндіру, геологиялық барлау бағытын басқарады.

Б. Абайылданов Қ. Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық

университетін «Өндірісті басқару және ұйымдастыру» және «Мұнай және газ кен орындарын игеру және пайдалану» мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын «Өзенмұнайгаз» АҚ филиалының №1 мұнай-газ өндіру басқармасында оператор көмекшісі болып бастаған. Әр жылдары «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ бас директорының



өндіріс жөніндегі орынбасары — «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры, «ҚазТрансГаз» АҚ басқарма төрағасының геологиялық барлау және өндіру жөніндегі орынбасары, «Каспий Мұнай» АҚ бас директоры қызметтерін атқарған.

ҚМГ басшысы жаңа орынбасарларына бірқатар нақты тапсырма жүктеді.

www.kmg.kz

Қазақстан Республикасының газ саласын дамытудың жаңа көкжиектері

Жуырда Атырау қаласындағы «ҚМГ Инжиниринг» филиалының базасында Қазақстан мұнайының 125 жылдығына, ұлы ғалым Қ.И.Сәтбаевтың 125 жылдығына арналған «Газ индустриясы және саланы дамытудың жаңа көкжиектері: ресурстық базадан іске асыруға дейін» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция аясында ғылыми зертханалық зерттеулер орталығының салтанатты ашылуы өтті.

Конференцияның өтетін күні жаңа заманауи зертханалық орталық ғимаратының ашылуымен тұспа-тұс келді.

Зертханалық орталықтың ашылуы ҚР Энергетика вице-министрі Арымбек Құдайбергennің, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары Құрманғазы Есқазиевтің, KAZENERGY қауымдастығы төрағасының орынбасары және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Ұзақбай Қарабалиннің, Қазақстан мұнайшы-геологтар қоғамының президенті Балтабек Қуандықовтың және «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС бас директоры – Басқарма төрағасы Рахим Өтеевтің, сондай-ақ мұнай-газ саласы ардагерлерінің қатысуымен өтті.

– Ғылыми және зертханалық зерттеулер орталығында 8 зертхана жұмыс істейді:

– Мұнайды, газды және суды зерттеу зертханасы

– Ұңғымаларды бұрғылау технологияларын зерттеу зертханасы

– Геохимиялық зерттеулер зертханасы

– Экологиялық зерттеулер және мониторинг жүргізу зертханасы

– Сутегі технологиясын зерттеу зертханасы

– Кабат флюидтарын (сұйықтығын) зерттеу зертханасы

– Кәсіптік химия зертханасы

– Керн материалын зерттеу зертханасы

– Зертхана мамандары мұнай-газ саласының өзекті мәселелерін шешу үшін заманауи



жабдықтарды пайдалана отырып, зертханалық зерттеулер кешенін жүргізеді. Жүргізілген зерттеулердің нәтижесі ресурстық базаны дамыту және кен орындарын сенімді және тиімді пайдалану мақсатында жаңа техно-

логияларды енгізуге бағытталған жобалық құжаттар мен шешімдерді әзірлеу үшін негізгі ақпарат болып табылады.

Зертханалық блоктың жаңа ғимараты бойынша таныстыру экскурсиясы Қазақстандағы

және шетелдегі газ индустриясының қазіргі жағдайын талқылауға арналған «Газ индустриясы және саланы дамытудың жаңа көкжиектері» атты ахалықаралық ғылыми-практикалық конференциясының жұмысымен жалғасты.

Іс-шара шеңберінде Қазақстан, Ресей, Өзбекстан, Беларусь Республикасы, Қытай Халық Республикасының ірі газ өндіруші және газ сервистік компанияларының, ғылыми-техникалық орталықтарының, академиялық институттары мен университеттерінің өкілдері газ қорларын бағалаудың жаңа технологияларын, ресурстық базаны дамыту деңгейін, газ өндіру мен газ қақпақтарын игеруді болжауды, газ ұңғымалары конструкциясының ерекшеліктерін және мұнай ұңғымаларын пайдалану мүмкіндіктерін, кәсіпшілік өнімдерді жинау жүйелерінің жұмысын, кен орындарын жайластыру үшін инвестициялар мүмкіндіктерін, газ және газ конденсаты кен орындары жобаларын іске асыру тәжірибесін талдады. Конференцияға 160-тан астам офлайн және онлайн қатысушылар қатысты, 70-тен астам компаниялар мен ұйымдар тіркелді.



МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫНЫҢ ӘРІПТЕСТІК ӘЛЕУЕТІ

«Ембімұнайгаз» АҚ 29-шы халықаралық KIOGE-2024 «Мұнай және Газ» көрмесіне қатысты

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Аталмыш көрме соңғы уақыттағы алыс және жақын шетелдік мамандардың басын қосатын, мұнай-газ секторындағы әріптестік байланыс орнату алаңына айналды.

Көрмеге қойылған өнімдер мұнай-газ жабдықтарын дамыту, қазіргі жаңа технологияларды қолданысқа енгізу бағытында болды.

KIOGE конференциясы Қазақстанның және бүкіл Каспий өңірінің мұнай-газ өнеркәсібіндегі ең ірі іс-шараларының бірі болып саналады.

Дәстүр бойынша іс-шара мыңдаған келушілер мен жүздеген қатысушы компанияларды тартты.

1993 жылы құрылғаннан бері KIOGE көрмесі Қазақстанның және бүкіл Каспий өңірінің мұнай-газ саласындағы өзекті мәселелері мен негізгі оқиғаларын талқылауға мүмкіндік беруде. Көрмеге қатысушылар заманауи экономикалық жағдайларда мұнай-газ секторы үшін жаңа тәсілдер мен нақты шешімдерді әзірлеуге ықпал ететін диалог алаңын қолдау маңызды деп санайды.



Жігер ЖАҚАШЕВ, «Ембімұнайгаз» АҚ өндірісті автоматтандыру департаменті бөлім бастығының орынбасары:

КӨКЖИЕКТІ КЕҢЕЙТЕТІН КӨРМЕ

- «Ембімұнайгаз» АҚ халықаралық KIOGE «Мұнай және Газ» көрмесінің тұрақты қатысушысы болып келеді. Өйткені, бұл шара біздің өндірістік көкжиегімізді кеңейтуге тың серпін береді.

Осы жолы көрмеде компания мұнай өңдеу, өндірістік, технологиялық процестерді автоматтандыру, сондай-ақ, геологиялық барлау, іліспе газды залалсыздандыру бағытындағы қолға алынған технологиялары мен құзыреттерін көрсетті. Сондай-ақ, өзге компаниялар өкілдерімен де тәжірибе алмасуға мүмкіндік алдық.



Аманжол СӘДУАҚАС, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік бөлімі бастығының орынбасары:

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШАРА БІЗГЕ НЕ БЕРЕДІ?

Мұнай-газ саласы еліміздің экономикасының тірегі екені белгілі. Бұл орайда жыл сайын өндірістің көлемін арттыру бағытында қолға алынып жатқан жобалар баршылық. Саланың дамуы ірі мұнай компанияларымен қатар олармен тығыз жұмыс істейтін шағын және орта бизнеске байланысты. Яғни, қаншалықты жақсы қарым-қатынас пен ашық диалог болған сайын күрмеулі мәселелерді шешуге мүмкіндік мол. KIOGE- «Мұнай және Газ» көрмесі жыл сайын мұнай-газ саласында жұмыс істейтін мекемелерге әріптестік қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік беретін нетворкинг болып табылады. Ауқымды шара қатысушыларға мұнай-газ нарығының негізгі өкілдерімен кездесуге, жаңа контактілерді орнатуға, серіктестермен тиімді кездесулер өткізуге, өзекті мәселелерді талқылап, тәжірибе алмасуға, компанияның мұнай-газ нарығындағы имиджін арттыруға зор ықпал етеді. Міне, осы орайда жыл сайын аталған көрмеге қатысушы болып табылатын «Ембімұнайгаз» компаниясының қызметіне қызығушылар, тәжірибе алмасуға ниет білдірушілер саны көп болды.



Ахмет ИШАНОВ, «Доссормұнайгаз» МГӨБ өндірісті желел басқару қызметінің жетекшісі:

ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ АЛАҢЫ

Биылғы халық аралық көрменің негізгі тақырыбы Қазақ мұнайының 125 жылдығына арналды. Бұл орайда, «Ембімұнайгаз» АҚ-ның тәжірибесі басым. Өйткені, тарихтың алтын шежіресі Ембі өңірінен бастау алды және ембілік мұнайшылар, геологтар қазақ мұнайының бастауында тұрды. Сондықтан, отандық мұнай-газ кешенінде қарт Ембіге деген құрмет пен ілтипат ерекше.

«Ембімұнайгаз» АҚ көрмеде өндіру, геологиялық барлау, іліспе газды дайындау бағытындағы тәжірибелерімен бөлісті. Өзге компаниялардың мұнай-газ саласындағы озық технологияларын әкеліп, тығыз байланыс орнатып, келіссөздер жүргізіп жатырмыз.

Бұл көрме мұнай-газ саласын әрі қарай дамытуға үлкен сеп болып, экономиканың алға басуына оң ықпалын тигізері сөзсіз.



СОТРУДНИЧЕСТВО



Научно-техническое взаимодействие в пользу производства

Объединение науки и производства во благо развития нефтедобычи стало главной темой фасилитационной сессии по определению технологических задач АО «Эмбаунайгаз», которая прошла на базе Атырауского Университета нефти и газа им. Сафи Утебаева.

Мероприятие было организовано совместными усилиями Центра научно-технологических инициатив «Самгау», АУНИГ им. С. Утебаева, АО «Эмбаунайгаз» и Министерства науки и высшего образования РК.

О необходимости интеграции научных достижений и инноваций в производственные процессы для обеспечения более эффективного использования ресурсов, повышения производительности и устойчивого развития отметил почетный эксперт нефтегазовой отрасли Узакбай Карабалин. О реализуемой научно-технической политике группы АО «Самрук-Казына» рассказал генеральный директор ЦНТИ «Самгау» Толеген Орашев. Позицию уполномоченного органа в области науки озвучил заместитель председателя Комитета науки МНВО Республики Казахстан Аян Рамазан. Он рассказал о инициативах, направленных на выработку новых механизмов формирования приоритетных направлений развития научно-технической деятельности, решения запросов и потребностей реальной экономики, улучшения кооперации науки и бизнеса, а также продвижения проектов коммерциализации.

Актуальность данной темы для эмбинских месторождений подчеркнул и заместитель генерального директора по геологии и разработке АО «Эмбаунайгаз» Аскар Мунара:

- АО «Эмбаунайгаз» разрабатывает 31 месторождение, большинство из которых находятся на поздней стадии разработки. Поэтому мы нуждаемся в инновационных решениях, которые помогут нам справиться с теми технологическими вызовами, которые имеет нефтяная компания на сегодняшний день.

На обсуждение сессии, в которой приняли участие представители ведущих ВУЗов, НИИ, технологических и нефтесервисных компаний, Эмбаунайгазом было предложено 15 технологических задач, в числе которых разработка залежей с высоковязкой нефтью, низкая рентабельность зрелых месторождений, низкая эффективность ремонтно-изоляционных работ, очистка и подготовка воды для закачки/ППД и другие. Зарубежными и отечественными учеными были предложены решения, которые найдут свое продолжение в реализации научно-исследовательских и опытно-конструкторских работ (НИ-ОКР) за счет средств недропользователей и государственных грантовых программ.

Как отметили участники мероприятия, сессия стала важным шагом на пути к пониманию и решению технологических задач предприятия, и её результаты обещают внести значительный вклад в развитие АО «Эмбаунайгаз» и всей отрасли в целом.



ЖАҢА НЫСАНДАР – МҰНАЙШЫЛАР ИГІЛІГІНЕ



«Эмбімұнайгаз» АҚ кен алаңдарында құрылыс жұмыстары қарқынды жүріп, өндірістік нысандармен толықтырылуда. Соның бір айғағы ретінде, жуырда «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының С.Балғымбаев кен орнындағы орталық мұнай жинау және дайындау пунктіндегі технологиялық сораптар және операторлар ғимаратының құрылысы аяқталды.

Кәсіби мереке қарсаңында мұнайшылардың игілігіне арналған ашық, жайлы ғимараттар пайдалануға берілді. Жаңа нысандар инженерлі желілермен толықтай қамтылып, заманауи жиһаздармен жабдықталған.

Құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізген – мердігер мекеме «Алым Инжиниринг» ЖШС.

Жалпы ауданы 286,1 м² құрайтын технологиялық сораптар ғимараты жаңа құрал-жабдықтармен қамтылған. Операторларға да енді кең

ашық бөлмелерде өндірістік процестерді бақылауға, жұмыс жиындарын өткізуге толық мүмкіндік бар.

«Қазір – жаңару мен даму ғасыры. Жаңа технология дәуірі. Мұнайшылар игілігіне берілген жаңа нысандар барлық талапқа сай. Бұрын жұмыс жасаған нысанға қарағанда айтарлықтай кең. Жұмысшылардың сапалы

жұмыс жасауына жасалып жатқан қолдаудың нақты көрінісі – бұл» - дейді мұнайшылар.

«Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ның С.Балғымбаев кең алаңында, сонымен қатар, тұщы су сораптар қондырғысы, 2 дана (100 м³) болатын тұщы су қазандығы, ДЭС, КТПН қондырғылары салынып және технологиялық мұнай құбырлары жүргізілді.



ЕСЕПТІК КЕЗДЕСУ

«Ембімұнайгаз»
АҚ Бас директоры
Ринат Измұханбеттің
«Жылыоймұнайгаз»,
«Жайықмұнайгаз»,
«Қайнармұнайгаз»,
«Доссормұнайгаз»
мұнай-газ өндіру
басқармаларының
еңбек ұжымдарымен
болған есептік кездесуде
2024 жылдың 8 айлық
көрсеткіштерінің орын-
далуы тыңдалып, алдағы
уақыттағы жоспарлар
нақтыланды. Есептік
кездесу «Каспий самалы»
мұнайшылар қалашығында,
С.Балғымбаев кен
алаңында, Жамансор ба-
засы мен Доссор кентінде
өтті.

ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

Есептік кезеңдегі IOGP жарақатының негізгі көрсеткіштері бойынша, атап айтқанда, өлім оқиғаларының коэффициенті (Fatal accident rate), жол-көлік оқиғасының коэффициенті (MVCR rate) және жұмыс уақытын жоғалту оқиғасының коэффициенті (Lost time incident rate) бойынша «Ембімұнайгаз» АҚ-ның және ҚМГ бойынша барлық көрсеткіштері шектеулі мәнінен төмен деңгейде.

ЭКОЛОГИЯ

Лаптағыш заттардың шығарылуы мен факелдерде жануының төмендеуі және соған орай соңғы 6 жылда экологиялық айыппұлдар мөлшерінің азаюы бойынша оң динамикасы байқалады. Мұнаймен ластанған жерлерді рекультивациялау жұмыстары жақсы қарқынмен жүргізілуде.

МҰНАЙДЫҢ ҚАЛҒАН ҚОРЫ

Бастапқы қор – 270 млн. тонна. Алынатын қалған қордың 50%-дан артығы қиын өндірілетін Кенбай (Шығыс Молдабек учаскесі), Қарсақ, Терең-Өзек кен орындарынан, сондай-ақ, өткізгіштігі төмен триас шамасындағы (С.Нұржанов және т.б. кен орны) кен орындарынан өндіріледі. Алынатын мұнайдың қалған қоры, басқаша айтқанда «белсенді қорлар», негізінен игерудің соңғы сатысындағы және өнімділігі мен (85%-дан жоғары) сулануы жоғары сатыдағы кен орындарында болады.

Қор жағдайы осындай болған кезде, мұнай өндірудің жылдық деңгейін 2,8 млн тонна және одан да жоғары ұстап тұру, көбейту, жыл өткен сайын әлдеқайда қиындай түсуде. Осыған орай, Ринат Измұханбет мұнай қорының толығын одан әрі кеңейте түсу үшін геологиялық барлау жұмыстарын күшейтудің өзекті екенін атап өтті.

ӨНДІРУ ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ ҚОСУ ЖОСПАРЫ

2024 жылдың есептік кезеңінде +1,845 млн. тонна мұнай және қосымша + 11,1 мың тонна мұнай өндірілді. Мұнай өндіру мен тапсыруды асыра орындауға ауыспалы қор есебінен және де ГПШ-ның асыра орындалуы есебінен қол жеткізілді.

Есептік кездесуде Бас директор осы орындалған жұмыстар аясында тоқтамай, биылғы жылға мұнай өндіру бойынша жоспарланған көрсеткіштердің орындалуы үшін осы қарқынды ұстап тұру



МАҚСАТ АНЫҚ, МҮДДЕ ОРТАҚ

қажеттігіне мән береді.

Мұнай мен газ өндіру көрсеткішін арттыру мақсатында бірнеше инвестициялау жобалары қолға алынды. Нақтыласақ, Батыс Қарасор кен алаңын игеру, Батыс Прорва кен алаңындағы газ горизонттарын игеру үшін Ілеспе газды кешенді дайындау қондырғысының құрылысы, «Тайсойған-1», «Тайсойған-2» учаскелеріндегі геологиялық барлау жұмыстары, сонымен қатар, Оңтүстік-Шығыс Новобогат блогы бойынша Ілеспе газды қажеттілікке жарату.

КАДРЛАРДЫ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ

«Дуалды оқыту» бағдарламасының аясында 2015 жылдан бастап «Ембімұнайгаздың» өндірістік нысандарында 340 студент дайындықтан өтті. Компанияға 82 дуалды оқыту тағылымгері жұмысқа қабылданды. Қазір 44 студент оқуларын жалғастыруда. 2023 жылдан бері Компанияның әлеуметтік-осал отбасылар тобына жататын жұмыскерлерінің балаларын, жетім балаларды колледжерде жұмысшы мамандығына даярлау, сондай-ақ, өндіріс сұранысына сай, дер уақытында білікті жұмысшы кадрлар дайындауға қосымша қолдау көрсету үшін, кадрлар даярлауға арналған әлеуметтік бағдарламалар енгізілді. Жоғарыда аталған бағдарлама шеңберінде Компания 4 колледжбен бірлесе жұмыстар жүргізуде. Осы кезең

ішінде 22 қатысушы іріктеліп алынды. Биылғы жылдың шілде айында бағдарлама бойынша оқытылған 6 қатысушы оқуын аяқтады, олардың 5-і өндірістік-құрылымдық бөлімшлерге слесарь-жөндеуші ретінде жұмысқа қабылданды.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Есептік кезеңде Ұжымдық шарт шеңберінде көрсетілген әлеуметтік төлемдер көлемі 1 млрд 408 млн тенгені құрады. Бұларға жыл сайынғы еңбек демалысына, шипажайлық-курорттық емге, баланың дүниеге келуіне және т.б. төленетін материалдық көмектер жатады. Сондай-ақ, Компания өз зейнеткерлерін де назардан тыс қалдырмайды. Бұл мақсатта жыл сайын қаражат бөлінеді және мемлекеттік мейрамдар қарсаңында төлемдер жүргізіледі. Компания зейнеткерлердің емделуге және дәрі-дәрмек сатып алуға жұмсаған қаражатын қайтарады, шипажай-курорттарда емделуі үшін материалдық көмек көрсетеді. Есептік кезең ішінде осы мақсатты жүзеге асыру үшін 631 млн тенгеден аса қаржы төленді.

САЛЫҚ ТӨЛЕМДЕРІ ЖӘНЕ ӨНІРДІҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ДАМУҒА АРНАЛҒАН ШЫҒЫНДАР

2020 жыл - 2024 жылдың 8 айы аралығында «Ембімұнайгаз» АҚ ұлттық қорға, республикалық және

жергілікті бюджеттерге 630 млрд. тенге аударды. 2020 жыл – 2024 жылдың 8 айы аралығында Компания келісімшарт міндеттемелері шеңберінде жергілікті бюджетке өнірдің әлеуметтік дамуы үшін 2,9 млрд. тенге аударды.

Мұнай-газ өндіру басқармаларында өткен есептік кездесулерде мұнайшылар еңбекке ақы төлеу, жұмысқа орналасу, әлеуметтік көмектерге және өндірісшілік жолдардың құрылысына қатысты мәселелерге кеңірек тоқталды. Жұмысшылар тарапынан болған әр сауалға нақты жауаптар да берілді.

Мұнай-газ өндіру басқармаларында болған есептік кездесулерді қорытқан Ринат Измұханбет Компанияның алдында тұрған мұнай өндіру көрсеткішін

оңтайлы шығынмен көбейту мәселесінің өзектілігін, сол арқылы жұмысшыларды әлеуметтік қолдау барысының да жүзеге асатынына тоқталды. Компания басшылығы біраз кен алаңдарының өнім берудің соңғы сатысында тұрғандығын, өнім өндіру өзіндік құнының жыл сайын өсіп келе жатқандығы, өндірістік, әлеуметтік нысандарды жұмыс жағдайында ұстау үшін, сондай-ақ жаңа инвестициялық жобаларды тарту үшін пайдалану және күрделі шығындарды ұлғайту қажеттілігі туындап отырғанына да тоқталды. Ринат Нұрғожаұлы ұжым мүшелерін кезек күттірмейтін өзекті мәселелерді шешу жолында жұмыла еңбек етуге, алда тұрған мақсаттарға үлкен жауапкершілікпен қарауға, ол үшін ұйымшылдықпен еңбек етуге



МЕРЕЙ

ҚАЖЫРЛЫ ЕҢБЕККЕ – ЛАЙЫҚТЫ МАРАПАТ

Газетіміздің арнаулы санында Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай бірқатар ардагерлеріміз бен әріптестеріміздің Президенттің Жарлығымен мемлекеттік марапаттарға ие болғанын қуана хабарлаған болатынбыз. Өңірге оралған соң, әріптестеріміздің Астана төрінде жоғарғы мемлекеттік наградаларға ие болудан алған әсерлерімен бөлістік.

Салтанат ОРЫНБАСАРОВ, «Доссормұнайгаз» МГӨБ-ның 5 дәрежелі мұнай-газ өндіру операторы, «Құрмет» орденінің иегері:

ЕҢБЕК АДАМЫНА
КӨРСЕТІЛГЕН ҚҰРМЕТ

Менің еліміздің мұнай-газ саласындағы еңбек өтілім 43 жылды құрайды. Осы 43 жылда табан аудармай бір ғана кен алаңында еңбек етіп келемін. Бүгінде оны мақтаныш сезімен айтамын.

1981 жылы «Доссормұнайгаз» МГӨ басқармасының Алтыкөл кенішінің мұнай-газ өндіру операторы болып еңбек жолымды бастадым. Әскери борышымды өтеп келген соң, туған жеріме оралып, мұнайшылық кәсібімді жалғастырдым. Содан бері 43 жыл араға із салыпты. Осыншама уақыт бір орында еңбек етемін деп мен бүгінде мақтаныш сезіммен айтсам, бүгінгі жастарға онша түсініксіз болуы мүмкін. Себебі, жастар жаңа бір белесті бағындырса, дереу

бағытын келесі асуларға аударады. «Өнерді үйрен де, жирен» демей ме атам қазақ. Жастардың мұнысын дұрыс бағалаған да жөн болар. Алайда, менің қатарластарым үшін бір орында осыншама жыл еңбек ету - тұрақтылықтың белгісі, адамның мінез-құлқынан хабардар береді десем, ешкім қарсы бола қоймас. Мен 43 жыл Алтыкөлде еңбек ете жүріп, ысылдым, үйрендім, бүгінде бар жиған тәжірибемді жастарға көрсетуге тырысамын.

Алтыкөл кен алаңының өзіндік ерекшелігі бар. Бұл – Ембі өндірісіндегі байырғы кеніштің бірінен саналады. Мұнайшыларға жақсы мәлім, байырғы кен алаңының өзіндік қиындығы бар. 1977 жылы ашылған Алтыкөлдегі ұңғымалардың біразы – өнім берудің соңғы сатысындағылар. Менің қарамағымда 43 ұңғы болса, мен күн сайын солардың өнім беруін бақылап, тексеріп, назарымда ұстап отырамын. Ұңғымалардың берер сұйықтығының мөлшерін жіті қадағалау – менің басты міндетім. Сұйықтық мөлшерінің деңгейі азайып кетсе, дереу тиісті мамандарға хабарлаймын. Әр ұңғыманың өнім беру көрсеткішін бір қалыпта ұстау арқылы ел қазынасына түсетін «қара алтынның» көлемін азайтпауға жұмыстанамын, соған үлесімді қосамын. Демек, бүгінгі мұнай-газ секторы ел экономикасының құретамыры десек, осы жетістікте аздап та болса үлесімнің барына қуанамын. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өз қолынан «Құрмет» орденін кеудеме тағуым - менің өмірімдегі ең тамаша сәтім. Қарапайым еңбек адамы үшін бұдан асқан құрмет болар ма!

Жайғали ЖАЛҒАСБАЕВ, «Жылыоймұнайгаз» МГӨ басқармасының 5-дәрежелі мұнай-газ өндіру операторы, III дәрежелі «Даңқ» орденінің иегері:

ЖОҒАРЫ МАРАПАТҚА ИЕ БОЛУЫМДА
ӘРІПТЕСТЕРІМНІҢ ДЕ ҮЛЕСІ БАР

Менің балалық шағым мұнайлы өңірде өтті. Мұнайшылардың еңбегін бала кезден көріп, өстім. Орта мектепті бітіргенде алдымда бір-ақ таңдау болды — мұнайшы болуды ұйғардым. Міне, 39 жылдан астам еңбек өтілімде мұнайшы деген мәртебелі мамандықтың қыр-сырын меңгеріп келемін. Ұзақ жыл еңбек етемін десем де, адам өмір бойы үйренеді ғой. Кешегі мен бүгінгі кен алаңдарының арасы жер мен көктей. Бүгінгі кеніште жаңалық көп. Күнделікті жұмысымызда заман талабына сай өмірімізге еніп жатқан әр өзгеріске лайық болуға тырысып келеміз. Заманның талабы да осы емес пе! Әріптестерімнің ортасында сыйлымын деп айта аламын. Қазақ мұнайының 125 жылдық мерей-тойы қарсаңында Астанаға арнайы барып, Премьер-Министрдің қолынан III дәрежелі «Даңқ» орденін алуым ұзақ жылғы еңбегімнің нәтижесі дер едім. Бұл

жоғары марапатта әріптестерімнің де зор үлесі бар.

Еңбек ортамада беделді болсам, отбасымда да сондай құрметке ие болуға тырысамын. Бүгінде көпбалалы әкемін. Төрт баламды өзім өсіріп, жетілдіріп келемін. Жұмыс вахтасынан келгеннен соң бар уақытымды отбасымда, балаларыммен бірге өткіземін. Мен үшін тамаша демалыс уақыты — немерелеріммен бірге болған сәттерім. Соларды мектепке апарып, олардың сабақтан тыс әр түрлі үйірмелерге қатысуына қолдау көрсетуім — менің әкелік, аталық парызым.

Есімбек БЕРДАЛИЕВ, «Қайнармұнайгаз» МГӨ Басқармасы Кенбай мұнай және газ өндіру цехының 5-ші дәрежелі слесарь-жөндеушісі, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері:

МІНДЕТ ТЕ, ЖЕТІСТІК ТЕ ОРТАҚ

1984 жылы Ленинград (бүгінгі Санкт-Петербург) қаласында № 129 орта кәсіптік-техникалық училищесін токарь мамандығы бойынша бітіргеннен соң, еңбек жолымды кеңшарда қатардағы жұмысшылықтан бастадым.

Кейін Атырау облысындағы «Теңізнефтегаз» өндірістік бірлестігіне ауысып, еңбегін 3-ші дәрежелі токарь болып жалғастырдым.

2005 жылдан бастап «Ембімұнайгаз» АҚ-ға қарасты «Қайнармұнайгаз» МГӨ басқармасының қолданыстағы құрал-жабдықтарды прокаттау және жөндеу учаскесінің 5-ші дәрежелі слесарь-жөндеушісі болып еңбек етудемін. Оның 38 жылдан астам еңбек өтілінің 21 жылға жуығы отандық мұнай-өндіруші компаниясына арналды.

Ұзақ жыл бір ортада табан аудармай еңбек ету бүгінгі жастарға таңсық көрінер. Мен үшін, менің қатарластарым үшін бұл — ортаға әбден бейімделу, тіпті бауыр басып кету кезеңі дер едім. Адамды тұрақтылыққа да бейімдейді. 14 күн ауысымдық әдіспен еңбек етіп, 14 күн бойы бір жатақханада тұрып, бір асханадан тамақтану — адамды туған бауырлардай жақындастарып жібереді.

Отандық мұнай өндіруші компанияның маманы болғанымды өзіме үлкен мәртебе санаймын.

Өндірістен алған мол тәжірибемді бүгінде жас мамандарға үйретуден жалықпаймын.

«Қайнармұнайгаз» МГӨ басқармасындағы қолға алынып жатқан технологиялар мен тың әдістердің өндіріске батыл енуі жолында барлық қайнарлық мұнайшылар өзіндік үлесін қосып келеді. Сондықтан, кәсіби мерекемізге орай Үкімет басшысының қолынан алған «Ерен еңбегі үшін» медалі барша ұжымның ортақ жетістігі деп білемін.



ДАМУДЫҢ ЖАҢА СЕРПІНІ

«Ембімұнайгаз» АҚ-да жүзеге асқан «Серпін» жобасы мәресіне жетті. Жоба барысында компанияның жас мамандары кәсіби және тұғалық өсуге ықпал ететін дағдылар мен қасиеттерді шыңдады.

Айта кету керек, әрбір қызметкердің әлеуетінің жаңа қырларын ашуға бағытталған бұл жоба компанияда екінші жыл жүзеге асырылуда. Биылғы жылғы оқу 5 модульден тұрды және Атырау, Ақтау, Алматы және Астана қалаларында өтті. Жобаға қатысушы 28 жас маман эмоционалдық интеллект және тиімді коммуникация, жеке тиімділік және жобаны бюджеттеу тақырыптарын меңгерді, жобаларды басқару және көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын үйренді.


Модульдік оқытудың қорытындысы бойынша «Ембімұнайгаз» АҚ өндірістік және әлеуметтік процестерін жетілдіру мақсатын көздеген 4 команда өз жобаларын қорғады. Мысалы, «Спарта» командасы қауіпті өндірістік нысандарда өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы қызметкерлердің цифрлық картасын, «Директорлар кеңесі» командасы — қызметкердің әлеуметтік пакетін автоматтан-

дыруды, «Бірлік» командасы — еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында геймификация элементтерін өндірісте пайдалануды, «Just do it» командасы жұмыс орындарында және жұмысшылардың демалыс орындарында ауаның сапасын жақсартуды ұсынды. Барлық жобалар бұдан әрі жүзеге асыру мақсатында қолдау тауып, мақұлданды.

«Серпін» жобасының қорытынды шарасына қатысқан «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары Құрманғазы Есқазиев, «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Ринат Ізмұханбет, «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Қайрат Әбенов «Серпін» сияқты жобалар қызметкерлерге стратегиялық ойлауға, дұрыс шешім қабылдауға, дағдарыстарды жеңуге және өз ортасында көшбасшы болуға көмектесетін жаңа білім ағынына серпін беретінін атап өтіп, жас мамандарға сәттілік тіледі.



ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ



ЦИФРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАР – ДАМУҒА ДАҒҒЫЛ ЖОЛ



«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясына қарасты еншілес мекемелерінің өкілдері «Ембімұнайгаз» АҚ бас кеңсесіне жұмыс сапарымен келді. Олардың қатарында «Өзенмұнайгаз» АҚ, «КМГ Инжиниринг», «Oil Construction Company», «Oil Service Company», «Мұнайтелеком» ЖШС және басқа да компаниялар өкілдері болды.

Қонақтарға, алдымен, ғасырдан астам тарихы бар компанияның Интерактивті мұражайы таныстырылды.

Сапардың басты мақсаты «Ембімұнайгаз» АҚ-да жүзеге асырылып жатқан цифрлық

бағдарламалармен таныстыру жиыны Өндірісті жедел басқару орталығында өтті.

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Абат Құтжанов Ембіде жүзеге пилотты түрде асып бастаған «Сапарларды басқару» жобасының тиімділігіне тоқталып, өзге еншілес мекемелерге таратылғанын баса айтты.

Ал, көлік бөлімінің бастығы Мәлік Төресәев аталған жүйе жұмысын егжей-тегжейлі таныстырды. Атап айтсақ, тапсырыстың түсуі, жол парағының жасақталуы, жол-көлік ережелерінің сақталу мониторингі, жүргізушілер рейтингі, маршруттың жүру бағытын қадағалау, транспорт құралдарына техникалық бақылау жүргізу, мердігер мекемелердің транспорт құралдарын бақылау жұмыстарына тоқталды.

Сонымен қатар, ЕМГ Өндірісті автоматтандыру департаментінің директоры Болат Нсанбаев «Интеллектуалды кен алаңы», пандемия кезінен бастау алған «Орындалған жұмыстар акты» электронды жүйесінің, компанияға қарасты төрт мұнай-газ өндіру басқармасында ашылған Ситуациялық орталықтар жұмыстарының барысымен таныстырды.

ТҚЖЖ аналитикасы және процесстер тиімділігі бөлімінің бастығы Нұрлыбек Лұқпанов «ТҚЖЖ», Материалдық-техникалық қамту департаментінің директоры Әнуар Меткерім «Қойма қоры» жобаларының жүзеге асырылу барысын түсіндірді.

Тәжірибе алмасу мақсатында ұйымдастырылған сапар барысында еншілес мекемелер өкілдері толғандырған сауалдарын қойып, тұшымды жауаптар алды.

МҰНАЙШЫ ҚЫЗ

ӘРІПТЕСТІК БАЙЛАНЫС АЯСЫ КЕҢЕЮДЕ

«Ембімұнайгаз» АҚ мұнайшы қыз-келіншектердің жан-жақты дамуына, қызмет саласында кәсіби деңгейде өсуіне мүмкіндік жасау мақсатында құрылған «Мұнайшы қыз» клубы жұмысының тәжірибесін өз компанияларында енгізуге қызығушылық білдіретін мекемелер қатары артып келеді.

Осы мақсатта өткен аптада «Қазгермұнай» БК» ЖШС-нің делегациясы «Ембімұнайгаз» АҚ-да болды. Клуб жұмысымен тәжірибе алмасу мақсатында келген делегацияны «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, «Мұнайшы қыз» клубының төрайымы Рысты Тасмағамбетова қабылдады.

Екіжақты кездесуге «Мұнайшы қыз» клубының өндірістік бөлімшелердегі жетекшілері де қатысты.

Жиын барысында ембілік мұнайшы қыздар клубының 6 жылдағы атқарған жұмысы баяндалды. Ал, қазгерлік әріптестер компанияларында биылдан бастап «Сыр аруы» мұнайшы қыздар клубының құрылғандығын мәлімдеп, ембілік клубтың тәжірибесі жұмысты жүйелі жүргізуге оң серпін беретінін жеткізді.

Сапар аясында қонақтарға Ембінің интерактивті мұражайы мен Өндірісті жедел басқару орталығының жұмысы таныстырылды. Сонымен қатар, көне Сарайшық қалашығына экскурсия ұйымдастырылды.



«Жайықмұнайгаз» МГӨБ С.Балғымбаев кен алаңында «Ембімұнайгаз» АҚ-ның зейнеткерлері арасында ІІІ спорттық ойындар өтті. Үш күнге созылған байрақты бәсекеде ембілік ардагерлер 7 спорт түрінен бақ сынасып, ең мықты ең үздік спортшы-ны төрешілер анықтады.

Атап айтсақ, асық ату, ұзындыққа секіру, шахмат, бес асық, дойбы, бильярд, тоғызқұмалақ ойындары тартысқа толы болды.

- Спартакиаданың мақсаты Компания зейнеткерлері арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру, ардагерлер мен қазіргі буын мұнайшылар арасындағы байланысты арттыру болып табылады. Биылғы спартакиада Қазақ мұнайының 125 жылдығына арналып отыр. Осынау тарих ішінде әр ардагердің қалдырған үлесі бар, - деп атап өтті шараның ашылу салтанатында ЕМГ Ардагерлер кеңесінің төрағасы Бағыт Сматуллин. Жарыс қорытындысымен, жеке-кей спорт түрлерінен жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталып, марапатталды.

АСЫҚ АТУДАН (ЕРЛЕР АРАСЫНДА):

- I орын – Қанатқали Көпбосынов
II орын – Төлебай Көпкенов
III орын – Серік Қошмағанбетов

БЕС АСЫҚТАН (ӘЙЕЛДЕР АРАСЫНДА):

- I орын – Мұстахима Исаинова
II орын – Баян Искулова
III орын – Алтынай Көптілеуова

БИЛЬЯРАТАН:

- I орын – Амантай Дүйсеғалиев
II орын – Асхат Атырауов
III орын – Қалдыбай Қидасов

ШАХМАТТАН (ЕРЛЕР АРАСЫНДА):

- I орын – Естай Ғинаяттов
II орын – Амантай Қуанышев
III орын – Бағыт Сматуллин

ШАХМАТТАН (ӘЙЕЛДЕР АРАСЫНДА):

- I орын – Жанат Махмұтқызы
II орын – Мұстахима Исаинова
III орын – Мәнзира Ахметова



ЖАРЫС ТӨРІНДЕ – АРДАГЕРЛЕР

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚТАН (ЕРЛЕР АРАСЫНДА):

- I орын – Кенжебай Сағынғалиев
II орын – Табылды Жолмағанбетов
III орын – Гайдар Арыстанов

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚТАН (ӘЙЕЛДЕР АРАСЫНДА):

- I орын – Роза Тасболотова
II орын – Жанат Махмұтқызы
III орын – Гүлсім Үмбетова

ДОЙБЫДАН (ЕРЛЕР АРАСЫНДА):

- I орын – Гайдар Арыстанов
II орын – Кенжебай Сағынғалиев
III орын – Айбек Адиров

ДОЙБЫДАН (ӘЙЕЛДЕР АРАСЫНДА):

- I орын – Майра Койшиева
II орын – Қарлыға Алтыналиева
III орын – Мақпал Отарова

ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА, ҰЗЫНДЫҚҚА СЕКІРУДЕН (ЕРЛЕР АРАСЫНДА):

- I орын – Өтеш Жамбылов
II орын – Борис Қадыров
III орын – Серік Бисекенов

ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА, ҰЗЫНДЫҚҚА СЕКІРУДЕН (ӘЙЕЛДЕР АРАСЫНДА):

- I орын – Рая Қарашиева
II орын – Жаңыл Әміргалиева
III орын – Дариға Утеулинова

Жалпыкомандалық есепте I орынды «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының зейнеткерлері командасы еншілесе, II орынды «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының ардагерлері иемденді. Ал, III орын «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының ардагерлеріне бұйырды.



ЗЕЙНЕТ ЖАСЫНА - ҚҰРМЕТПЕН



«Ембімұнайгаз» АҚ ұжымы компанияда қалыптасқан игі дәстүр бойынша ұзақ жыл еңбек етіп, ел ырысын еселеуге сүбелі үлес қосқан әріптеске құрмет көрсетті. Бұл жолы «Ембімұнайгаз» басқармасында еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы инженері Ағила Балғымбаеваны салтанатты түрде зейнеткерлік демалысқа шығарып салды.

Өлкенің қара алтынын игеру жолында қызметте қауіпсіздіктің сақталуы жолында 40 жылдан астам еңбек еткен Ағила Ишимқызы Компанияның қарыштап дамуы үшін тынымсыз тер төкті. Әріптестер

құрметіне бөленіп, өнегелі еңбек жолын жас мамандарға үлгі етіп қалдырды. Маңызды бөлімнің ауыр жұмысын абыроймен атқарды. Ең бастысы адал еңбек иесі өндірісті өркендету жолында қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтап, жұмыста кәсіби біліктілік пен асқан жауапкершілік танытты.

Жиын барысында туған күн иесін «Ембімұнайгаз» басқармасының бастығы Ғабит Иманғалиев, ЕМГ Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры Әнуарбек Қаримов құттықтап, ұжым атынан тілегін арнады.

Өз кезегінде Ағила Балғымбаева жүрекжарды лебізін арнаған ұжымға бірлесе атқарған абыройлы қызметі үшін риясыз рақмет айтты. Сондай-ақ ол компаниядағы қауіпсіздік қызметінің жұмысы одан әрі де жан-жақты дамитынына сенім білдірді.

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның

әлеуметтік желілердегі парақшаларына тіркеліңіздер!

- Telegram - «Ембімұнайгаз» АҚ
Facebook - Ембілік Мұнайшы
Instagram - @embamunaigas.kz
You tube – «Ембімұнайгаз» АҚ
TikTok – @embamunaigas



«Ембі тынысы» газетін осы QR код арқылы да оқи аласыздар.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы:
Қоғаммен байланыс тобы

Бас редактор: А.Ертлеуова

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2024 жылғы 18 қаңтарда № KZ69VPY00085699 куәлігі берілді.

Газет айына 1 рет шығады.
Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.
G.Karajanova@emg.kmgerp.kz

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-66, 21-166
I.Satylganova@emg.kmgerp.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309
A.Ertleuova@emg.kmgerp.kz

Баспахана: «Реформа» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қаласы

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Р.Тасмағамбетова – Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Қ.Әбенов – Бас директордың кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары;

А.Кенжехорұлы – Аппарат жетекшісі;

Ә.Қаримов – Еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры;

К.Түлеушов – Мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Ғ.Қаражанова – Қоғаммен байланыс тобының жетекшісі;

Ж.Дәуітов – «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.